

ТОО «Достық» жалпы білім беру мектебінің тарихы

Адам баласын ұлы мақсаттарға жеткізетін ұлы күш – білім, оны жас ұрпақтың бойына дарытушы – ұстаздар қауымы екені сөзсіз.

Дана Абай айтқандай: «Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл». Адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Ол ұстазының білімін, берген тәрбиесін, кеңесін алады. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткері, ұлы тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейеді. Алайда оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, талмас еңбекқорлық, таза ниет керек. Осы орайда біздің мектебімізде дәл осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік.

«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу проблемалары мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке бюджеттен қосымша қарастыруды тапсыра отыр, Жаңа мектептер, балабақшалар, ауруханалар құрылысын елді мекендерді дамыту жоспарларымен ұштастыру қажеттілігін айтып, бұл секторға жеке инвесторларды тарту үшін жағдай жасаған жөн. Деп көрсеткен болатын.

Осы жарғыны жүзеге асыру мақсатында, Үкіметпен білім секторына жеке инвестициялар құятын азаматтарға жағдай жасау мақсатында бірнеше құқықтық нормативтік актілер қабылданып, олар тиісті дәрежеде жүзеге асыра бастады. Сондай нормативтік құқықтық актілер қатарында орта білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру мәселесіне қатысты болды.

Осы Президенттің бастамасын қолдау мақсатында, сол жылдары оқушыларға орын жетіспеушілігін және мектептердің үш ауысымда оқыту проблемаларын жою мақсатында Шымкент қаласында көптеген жалпы білім беру мектептері ашыла бастады. Бұндай мектептер мемлекеттің қаржыландырумен мемлекеттік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын тегін білім беретін санатындағы мектептер ретінде ашылды. Осындай жалпы білім беру мектебі ретінде 2019 жылдың қазан айында 500 орынға лайықталған ЖШС «Достық» жалпы білім беру мектебі ашылды.

Бүгінгі таңда, «Достық» жалпы білім беру мектебі 1-9 сыныптағы **200-ден** аса шәкіртеріне білім беруде. Мектептің негізгі мақсаты, ол мемлекеттік стандартармен бекітілген сапалы білім беру болып табылады. Мектеп директоры - Асылбекова Зейнегүл Атабекқызы. Ұлағат ұстаз, білікті басшы. Зейнегүл Атабекқызы тәрбие жұмысында әсіресе, мектеп оқушыларының патриоттық, адамгершілік, тұлғалық сезімдерін оятуға, салауатты өмір салтын ұстануына, сонымен қатар өзін-өзі дамытуына, сабаққа дайындалу барысында шығармашылық білімдерін жетілдіруге

көп көңіл бөледі. Білім саласындағы еңбегі мен жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу ісін дегі жетістіктері үшін марапатталған.

2002 жылы ғимарат салынған. Ғимараттың қуаттылығы 415 оқушы. Күйдірілген кірпіш, шатыры темір черепица, жылу, ауыз су, кәріз жүйесі орталыққа қосылған. Күрделі жөндеуден 2022 жылы жасалған. Асхана 60 орындық (165,9 м). Кітапхана – 20 орындық, мәжіліс залы 150 орындық. Жалпы оқу бөлмелері – 20, компьютерлер саны – 30. Жабдықталған кабинеттер – химия 1, биология 1, физика 1. Интерактивті такта – 5. Интернет жүйесі 120 ГБ. спортзал – 1, спорт алаңы -1. Медпункт – 1.

200 оқушы бірінші ауысымда оқиды (1-4 сыныпта 112, 5-9 сыныпта 88).

Біздің мектепте 47 мұғалім дәріс береді.

Ұстаздардың 18 пайызы – жас мамандар.

Осы жылдар аралығындағы мектептің жетістігіне көңіл бөлсек:

Атап айтсақ, 2021-2022 оқу жылдың қорытындысы бойынша 9-сыныпты 1 оқушы үздік аттестатпен аяқтады. Ол- Ахметжан Әселім. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен сапалы білім беруде мектептің педагогикалық ұжымы көптеген жетістіктерге жетуде. Атап айтар болсақ:

Дарынды мектеп оқушыларын анықтау, математикалық сауаттылығын арттыру және ғылым негіздері бойынша олардың білімдерін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» «**Кенгуру – математика барлығы үшін**» халықаралық ойын конкурсын әр жыл сайын өткізеді. Осы олимпиадаға қатысқан біздің мектеп дарындылары:

Стащенко Милана III дәрежелі диплом

Емелбекова Айзере II дәрежелі диплом

Пирназаров Назар III дәрежелі диплом

Зайцева Дарья II дәрежелі диплом

Абдиманап Ерулан II дәрежелі диплом

Баликбаева Алина III дәрежелі диплом

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК жалпы білім беретін мектептер арасында қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша «Ақбота» зияткерлік олимпиадасын әр жыл сайын өткізеді

Олимпиада оқушыларды гуманитарлық пәндерді тереңірек зерттеуді ынталандыруға, тарих, әдебиет, әлеуметтік ғылымдар, тіл білімі және т.б. пәндерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіледі. Осы олимпиадаға әр жыл сайын қатысып жүлделі орын алған біздің мектеп дарындылары:

- 2 сынып оқушысы Яшаева Аделина I дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Болатжан Мариям II дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Яшаев Адлан I дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Балгожаева Дарина I дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Зайцева Дарья I дәрежелі диплом
- 6 сынып оқушысы Болатжан Асия I дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Алишерұлы Шахриер II дәрежелі диплом
- 8 сынып оқушысы Исматуллаева Камила I дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Ставрова Яна III дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Аманова Айя II дәрежелі диплом
- 6 сынып оқушысы Мырзахмет Алинур III дәрежелі диплом
- 6 сынып оқушысы Уразбаева Сабина II дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Ахметова Асмира II дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Зайцева Дарья III дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Абдиманап Ерулан II дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Болатжан Мухаммад III дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Аскар Анель II дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Махкамова Сафия I дәрежелі диплом
- 8 сынып оқушысы Әбдірахман Жанболат II дәрежелі диплом
- 8 сынып оқушысы Еркебаева Сабина III дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Алишерұлы Шахриер I дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Фильчикова Анна III дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Ахметов Рамиль III дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Бердіқұл Амина II дәрежелі диплом
- 8 сынып оқушысы Ташбай Аида III дәрежелі диплом
- 8 сынып оқушысы Қарабек Асылжан III дәрежелі диплом
- 6 сынып оқушысы Пак Виктор II дәрежелі диплом
- 6 сынып оқушысы Маутаева Каусар III дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Талғат Нұрасыл II дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Сәкен Нұрсая III дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Ерназарова Асылай III дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Уркараев Сундет III дәрежелі диплом
- 1 сынып оқушысы Абдиманап Кожамет III дәрежелі диплом
- 4 сынып оқушысы Болатжан Мариям II дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Талғат Дарын III дәрежелі диплом
- 4 сынып оқушысы Амангелді Зере III дәрежелі диплом
- 8 сынып оқушысы Әбдікәшім Абзал – III дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Қарсыбек Бибінұр I дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Байдуллаев Аян II дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Нұрлыбек Сара III дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Ағыбаев Мұхаммед I дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Қарабаева Айдана II дәрежелі диплом
- 3 сынып оқушысы Тұрсыбай Айзере III дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Бейбітхан Бақдаулет I дәрежелі диплом
- 5 сынып оқушысы Байдуллаева Еркеназ I дәрежелі диплом
- 2 сынып оқушысы Яшаева Аделина I дәрежелі диплом

«Ойсана» республикалық зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары, біздің оқушылар:

- 2 сынып оқушысы Куатбек Ханифа III орын
- 8 сынып оқушысы Мейрамбек Мариям II орын (география)
- 8 сынып оқушысы Қарабек Асылжан II орын (география)
- 6 сынып оқушысы Мейрамбек Асия I орын (қазақ тілі мен әдебиеті)
- 6 сынып оқушысы Қатаев Мақсат I орын (қазақ тілі мен әдебиеті)
- 8 сынып оқушысы Ташбай Аида II орын (география)

- 4 сынып оқушысы Абдиманап Кожамет II орын
- 2 сынып оқушысы Абдиманап Ерулан II орын
- 8 сынып оқушысы Ташбай Аида II орын (химия)
- 8 сынып оқушысы Еркебаева Сабина II орын(химия)
- 8 сынып оқушысы Еркебаева Сабина III орын(география)
- 8 сынып оқушысы Мейрамбек Мариям I орын (химия)

Дарынды оқушыларды анықтау, оқыту және дамыту мақсатында «Дарын лэнд» білім беру орталығы Халықаралық ұйымдастыру комитетімен бірлесіп «**Алтын жабағы» халықаралық конкурсын** өткізеді.(2023 жыл) Конкурс тарих пәнінен өтеді. Осы конкурстың біздің мектеп жүлдегерлері

- 6 сынып оқушысы Батырхан Амина I орын
- 7 сынып оқушысы Қарабек Асылжан I орын
- 5 сынып оқушысы Байдуллаев Аян I орын
- 9 сынып оқушысы Аманкелды Нурасыл I орын
- 9 сынып оқушысы Султан Бейбарыс I орын
- 5 сынып оқушысы Сейдахметова Адина I орын
- 6 сынып оқушысы Эргашев Жосур I орын
- 9 сынып оқушысы Қуатбек Нурила I орын
- 6 сынып оқушысы Султан Айлан I орын

Тарих, география, жаратылыстану пәндерінің 5-11 сыныптар арасында өткен республикалық «**ALTYN URPAK**» зияткерлік олимпиадасында үздік білімін дәлелдеп, жеңімпаз атанған оқушыларымыз:

- 6 сынып оқушысы Эргашев Жосур II орын
- 9 сынып оқушысы Султан Бейбарыс III орын
- 9 сынып оқушысы Аманкелды Нурасыл III орын
- 6 сынып оқушысы Султан Айлан III орын
- 5 сынып оқушысы Байдуллаев Аян II орын
- 6 сынып оқушысы Кенжекүл Мейірбек III орын

Мектеп оқушылары біліммен қатар спортты да жанына серік етіп келеді. Бағындырған белестері де жоқ емес. Мәселен, мектебіміздің 9 сынып оқушысы Сапар Бекасыл грек-рим күресінен облыстық, республикалық деңгейде өз жетістіктерін көрсетіп жатыр. Бекасылдың тәжірибесі талайға үлгі боларлық. Оны бағындырған белестерінен айқын аңғарамыз. Атап айтайық, 2017 жылдың желтоқсан айында «16-желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне» орай грек-рим күресінен «Терроризмге және діни экстремизмге жол жоқ» уранымен 2002-2004 ж.т. жасөспірімдер арасында өткен Мақтарал ауданның ашық біріншілігінде III орынды жеңіп алған. Грек - Рим күресінен 2007 - 2008 ж жасөспірімдер арасында Қазақстан Халықаралық «ЭКСПО - 2017» көрмесінің өтуіне және «Ұлыстың Ұлы күні» 22 - наурыз мерекесіне орай Кентау қаласының ашық біріншілігінде III орын алған. Мектебіміздің тағы бір мақтанарлық спорт белсендісі Ахметов Рамиль. Жасы 8-де болса да, Рамиль өзін мықты спортшы екенін көрсетіп үлгерді. Атап айтсақ, Шымкент қаласының жасөспірімдер арасындағы кратэ-шито-рю федерациясының ашық біріншілігінде III орын иегері атанған. 2024 жылы 10-11 ақпанда өткен Республикалық кратэ жарысынан I орын иегері болған.

Жігіттерімізден басқа биіші қызымызға көшетін болсақ, Зайцева Дарья адуандық, қалалық және халықаралық конкурстаға қатысып жүлделі орындарға ие болған. Мәселен, 2023 жылы 11 қарашада Алматы қаласында өткен Халықаралық хореография конкурсында I орынға ие болған. 2023 жылы Шымкентте өткен «BEST OF THE BEST» халықаралық конкурс-фестивалінде Гран-при ұтып алған. 2023 жылы Түркістан қаласында өткен «FESTLIFE» атты III халықаралық хореографиялық конкурсында екі наминацияда бас жүлде ұтып алған.

Біздің оқушыларымыздың өнерлері жан-жақты. Дәлел ретінде киелі домбырада күй шертіп; жүлделі орындарға ие болған оқушыларымыз бар. «Дарынды Жұлдыздар» Халықаралық өнер байқауында Амангелді Зере мен Құрманғазы Нұрасыл I орынға иеленген болатын.

2019-2020 оқу жылында Быковского 55 көшесінде жалпы білім беретін орта мектеп ашылды.

2019 жылы қыркүйек айынан бастап жалпы орта мектеп ретінде оқушыларға білім беру жұмыстары басталды.

2019 жылдан бастап бүгінгі таңға дейін мектеп директоры Асылбекова Зейнегуль Атабекқызы болуда.

2020 жылы әлемдік пандемияға орай онлайн платформаға эксперименттік алаң болды.

2020 -2021 жылдан бастап «Акбота» республикалық зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары шығуда

2021 жылдан бері оқушыларымыз, педагогтеріміздің «Шымкент қалалық білім басқармасымен» етене жұмыс жасау нәтижесінде «Достық» мектебінің ұстаздары білім басқармасы тарапынан марапатталуда

2021 жылы педагогтер мәртебесін көтеру мен кәсіби біліктілігін арттыру мен дамыту мақсатында республикалық «Мұғалімдер пән олимпиадасына» қатысып бас жүлде иеленді

2021 жылдан бері Қазақстан республикасының оқу- ағарту министрлігінің Шымкент «Дарын» орталығымен оқушыларымыз, педагогтеріміз етене жұмыс жасауда.

2021 жылдан бері Қазақстан республикасының оқу- ағарту министрлігінің Шымкент қаласының әдістемелік орталығымен оқушыларымыз, педагогтеріміз етене жұмыс жасауда.

2021 жылдан бері Қазақстан республикасының оқу- ағарту министрлігінің Шымкент қаласының жоғары педагогикалық колледжімен оқушыларымыз, педагогтеріміз етене жұмыс жасауда.

2022 жылдан бастап педагогтер мен оқушылар «Ustaz Tilegi», «Daryn.kz» платформаларының олимпиада, конкурстарына қатысып, ойдағыдай орындарды алуда .

Бүгінгі таңда «Достық» жалпы білім беру мектебінің оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық түрлі интеллектуалдық байқаулар мен сайыстардың жеңімпаздары.

Мектеп білім беру саласындағы өзгерістер мен Елбасы саясатын іске асыруда мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларын басшылыққа алады. Қазіргі таңда мектеп түлектері шет елдердің, мемлекетіміздің беделді оқу орындарында білім алып, елдің дамуына өзіндік үлес қосуда.